



DEPARTMENT OF
POLITICAL SCIENCE

FOUNDED 1999

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Журналистика және саясаттану факультеті
Саясаттану кафедрасы

L.N. Gumilyov Eurasian National University
Faculty of Journalism and Political Science
Department of Political Science

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
Факультет журналистики и политологии
Кафедра политологии

**«ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН: ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ПРОГРЕСКЕ 30
ЖЫЛ»**

XI-ші Халықаралық ғылыми-практикалық
конференция материалдары
9 сәуір 2021 ж.

**«INDEPENDENT KAZAKHSTAN: 30 YEARS OF STABILITY AND
PROGRESS»**

Proceedings of the XI-International Scientific and Practical Conference
on April 9, 2021

**«НЕЗАВИСИМЫЙ КАЗАХСТАН: 30 ЛЕТ СТАБИЛЬНОСТИ И
ПРОГРЕССА»**

Материалы XI-Международной
научно-практической конференции
9 апреля 2021 г.

Нұр-Сұлтан, 2021

УДК 327(063)
ББК 66.4 (0)
С 69

Редакционная коллегия:

К.полит. наук, ассоциированный проф. **М.К. Дюсембекова**, Казахстан
Кандидат политических наук, профессор **Е.Л. Нечаева**, Казахстан
Доктор политических наук, профессор **Е.В. Матвеева**, Россия
Кандидат политических наук, доцент **М.К. Тулебаева**, Казахстан
Магистр социальных наук, преподаватель **Н.Болатулы**, Казахстан

«Независимый Казахстан: 30 лет стабильности и прогресса».

Сборник материалов XI-Международной научно-практической конференции. (9 апреля 2021 г.) – Нур-Султан, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.

ISBN 978-601-337-516-8

Сборник материалов международной научно-практической конференции содержит тезисы докладов преподавателей, докторантов PhD, магистрантов в области политических наук. Основная тематическая направленность дискуссионных вопросов отражает аспекты реализации социальной политики государства в условиях глобализации, актуальные проблемы политической науки.

В докладах сохранен авторский стиль. Материалы сборника предназначены для широкого круга научной и научно-педагогической общественности, могут быть использованы в теории и практике прикладной политологии и международных отношений.

Ответственность за аутентичность и точность цитат, имен, названий и иных сведений, а также за соблюдение закона об интеллектуальной собственности несут авторы публикаций.

ISBN 978-601-337-516-8

**© Кафедра политологии
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2021.**

«Тәуелсіз Қазақстан: тұрақтылық пен прогреске 30 жыл» атты XI-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы

ал кейде фонетикалық құралдарын қолдану нақты бір жанрдың форматымен айқындалады. Психолог ретінде ол оратор сөзін арнайтын аудиторияның элеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін де, сөйлейтін адамның тұлғалық сипаттарын білу керек.

Жалпы алғанда саяси спичрайтердің жұмысы – бұл көпшілік алдында айтылатын сөзді дайындау бойынша мұқият әрі ыждаһатты жұмыс, ол үшін сөйлеудің түрлі жанрларын жақсы білу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Хьюмс Дж. Секреты великих ораторов. Говори как Черчилль, держись как Линкольн / Джеймс Хьюмс. – М. : Альпина Бизнес Букс, 2012. – 304 б.
2. Цицерон М.Т. Три трактата об ораторском искусстве / Под ред. М.Л. Гаспарова. – М. : Наука, 1972. – 471 б.
3. Чайка И. Публичное выступление как по нотам: [Текст] [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://biblioteka.teatr-obraz.ru/node/6598>.
4. Чепкасов А.В. Работа спичрайтера и политического деятеля над текстами публичных выступлений (к постановке проблемы) / Артур Владимирович Чепкасов // Вестник Кемеровского государственного университета культуры и искусств. Журнал теоретических и прикладных исследований. – Кемерово, ФГОУ ВПО «Кемеровский государственный университет культуры и искусств», 2010. – № 11. – Б. 34–42.
5. Черных А.И. Социология массовых коммуникаций. / Алла Ивановна Черных. – М. : Издательский дом ГУ ВШЭ, 2008. – 451 б.
6. Lasswell H. The Structure and Function of Communication in Society // The Communication of Ideas / Ed. by L. Bryson. – N. Y. : Harper, 1948. – Б. 32–51.
7. Seitel F.P. The practice of public relations. / Fraser P. Seitel. – 12th edition/ — Pearson, 2013. – 456 б.
8. Thatcher M. The path to power / Margaret Thatcher. – HarperCollinsPublishers, 1995. – Б. 296–316.

Инкаш Д.Б.

**Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.,
dariyainkash@mail.ru**

**ЕЛБАСЫНЫҢ ЯДРОЛЫҚ ҚАРУСЫЗ ӘЛЕМ ҚҰРУДАҒЫ БАСТАМАЛАРЫ –
ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ЖЕМІСІ**

Abstract. The United Nations has adopted the Declaration on Building a Nuclear-Weapon-Free World, proposed by Kazakhstan. The adoption of the resolution became another confirmation of the independent foreign policy of Nursultan Nazarbayev and became another contribution to the anti-nuclear movement "born" in our country. Globally, the decision to end nuclear testing has had enormous implications. The decision of Nursultan Nazarbayev to close the landfill is still called the feat of an outstanding leader on a global scale.

Keywords: anti-nuclear movement, Kazakhstan, global security, Nevada-Semey, Leader of the Nation,

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Қазақстан әлемдегі ядролық қарудың төртінші ірі арсеналына айналды. Орын алған жағдай бойынша 1949 жылдың 29 тамызында КСРО Қазақстанның орталық сынақ алаңы – Семей полигонында ядролық қарудың алғашқы тәжірибелік сынағын өткізді. Семей ядролық полигонындағы жалпы сынақтардың саны 456 ядролық және термоядролық жарылысты құрады. Олардың 116-сы жер бетінде және әуе

«Тәуелсіз Қазақстан: тұрақтылық пен прогреске 30 жыл» атты XI-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы

кеңістігінде ашық түрде жасалды. Әуеде және жер бетінде жасалған сынақтардың ядролық қуаты 1945 жылы Хиросимаға тасталған атом бомбасының қуатынан 2,5 мың есе көп болды. Тәуелсіздік алған жылдың 29 тамызында Қазақстанда Семей ядролық полигоны жабылды. Бұл оқиға Елбасының ерік-жігерінің, қоғам қайраткері, ақын Олжас Сүлейменовтың, «Невада-Семей» антиядролық қозғалысына қатысушылардың белсенділігінің, елдің барлық тұрғындарының қолдауының арқасында орын алды. Осылайша, Қазақстан ядролық қарудан өз еркімен бас тартып, әлемнің барлық елдеріне үлгі болды. Ол кезеңде әлем елдері әлі қырғи қабақ соғыстан қалпына келе алмай, посткеңестік республикалардың тағдыры бұлыңғыр болып тұрған кезеңде біздің бұл ісіміз батыл қадам болды. Көптеген елдер үшін жас – тәуелсіз Қазақстанның бұл шешімі таңқаларлық әрі күмәнді болып көрінді. Шынында да, сол кезде әскери күштің әлеуеті мемлекеттің сәтті дамуының негізгі факторларының бірі еді. Осындай алмағайып кезеңде елбасы мемлекетті басқарудың бағытын анық білді. Ондағы бірінші міндет – ядролық қарудан бас тарту әрекеті еді.

Тәуелсіздік алған жылдар еліміздің жаңа кезеңіне бастаушы жыл болды.

- ✓ 1991 жылы 29 тамызда Семей ядролық полигоны жабылды;
- ✓ 1992 жылы мамырда Курчатov қаласында Ұлттық ядролық орталық құрылды;
- ✓ 1993 жылы Қазақстан ТМД елдері арасында алғашқылардың бірі болып

Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қол қойды;

✓ 1994 жылы еліміздің шешуші қимылына жауап ретінде ядролық державалар Қазақстан қауіпсіздігінің кепілдігі туралы меморандумға қол қойды.

✓ 1996 жылдан бастап Қазақстан ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу туралы шартқа қол қойып, антиядролық қозғалысқа қатысты барлық талқылаулар мен іс-шараларға үнемі белсенді түрде атсалысып келеді.

Сол жылдың келесі кезеңіндегі жылдарда БҰҰ Бас Ассамблеясы ядролық сынақтардан зардап шеккен Қазақстан аймақтарына көмек көрсету туралы шешім қабылдады. Ядролық қаруды таратпау идеяларын ілгерілету, соның ішінде халық арасында ядролық сынақтың зардабын, адамзат өміріне қауіпін түсіндіру мақсатында форумдар, конференциялар, көрмелер, конкурстар өткізу дәстүрге айналды. Соңғы уақыттағы басты бастамалардың бірі ретінде – жыл сайын елордамызда өтетін халықаралық антиядролық форум – 2012 жылы Шарттың күшіне енуіне ықпал ету аясында елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бастаған – «АТОМ» жобасын айтуға болады. «АТОМ» жобасы – әлемнің кез келген бұрышындағы әрбір адамға, әлем елдерінің үкіметтеріне онлайн-петицияға қол қоюға және Ядролық сынақтарды кешенді түрде тоқтату туралы келісімге қол жеткізуге мүмкіндік беретін үлкен мүмкіндік.

2015 жылы БҰҰ Бас ассамблеясының мерейтойлық сессиясында Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жаһандық стратегиялық бастама жоспарын әзірлеу және БҰҰ-ның ядролық қарудан азат әлем туралы жалпы декларациясын қабылдау туралы ұсыныс білдірді. Ұсыныс ғаламшардағы әділ және қауіпсіз әлемдік тәртіпті қалыптастыруға бағытталған. Осылайша Қазақстан XXI ғасырда адал және әділетті әлемдік тәртіпті орнатуға ниет білдірушілердің жаһандық үлгісіне айналды. Қазақстан Республикасы үлкен ядролық арсеналдан бас тартып, бүкіл әлемге өзінің бейбіт сипатын және сыртқы саясатта ядролық қаруды қолдану әдістеріне бой алдырмайтынын көрсетті. Елбасы жүргізген ядролық қауіпті азайтуға және қауіпсіз әлемді қамтамасыз етуге бағытталған дәйекті іс-шаралар жоғары халықаралық беделге ие болып, еліміз ядролық қаруды таратпау қозғалысының белсенді қолдаушысы ретінде әлемге танылуда.

Қазақстанның ядролық қаруды таратпау мәселелері жөніндегі ұстанымы Мемлекет басшысының көптеген сөздерінде көрініс тапқан. Атап айтқанда, Н. Назарбаевтың "Washington Times" мақаласында мемлекеттердің ядролық әлеуетін дамыту саласындағы халықаралық ережелердің бұзылуын анықтау мақсатында МАГАТЭ немесе БҰҰ жанынан тәуелсіз ядролық арбитраж құру туралы ұсыныс айтылды. Ұлт Көшбасшысының пікірінше, дәл осы тұрғыда Иранның ядролық бағдарламасының шешімі табылуы мүмкін [1].

Карнеги қорындағы кездесуде Нұрсұлтан Назарбаев жаппай қырып-жоятын қарудың жаңа түрлерін жасау үшін ғылыми жаңалықтарды пайдалануға тыйым салатын халықаралық

«Тәуелсіз Қазақстан: тұрақтылық пен прогреске 30 жыл» атты XI-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы

келісімдер мен БҰҰ тізілімін әзірлеу қажеттігін атап өтті. Осы тұрғыда Мемлекет басшысы жаһандық антиядролық қозғалыс құруды маңызды міндет деп атады [2].

Бұл ұсыныстардың барлығы халықаралық қауымдастықта ел назарына ілігіп, осы бағытта түрлі іс-шаралар өткізіліп, ядролық қарумен күресті күшейтуге бағытталған жобаларға жол ашты.

Ядролық қарусыз әлем және жаһандық қауіпсіздіктегі Қазақстан – әлемдік антиядролық қозғалыстың бастамашысы және көшбасшыларының бірі. Бұл фактіні барлық халықаралық қауымдастық мойындайды.

Семей ядролық полигонының жабылуы және ядролық қарудан өз еркімен бас тарту халықаралық саясаттағы адамзаттың жаңа жоғары моральдық стандартына айналды. Соған сәйкес, Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас ассамблеясы Қазақстанда 29 тамызды Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы күн деп жариялау туралы бастамаға қолдау көрсетті.

Қазақстанда Невада-Семей қозғалысының негізін қалаушы, ақын Олжас Сүлейменов бұл мәселеде өзіндік орнын қалдырды. Ол 1989 жылы Семей полигонында тестілеуді жалғастыру үшін мыңдаған адамдарды бейбіт наразылық білдіруге жинады. Соның нәтижесінде сол жылға жоспарланған 18 сынақтың 7-і жүзеге асырылмады.

Бүгінгі таңда 183 мемлекет қол қойған ядролық қарусыз әлемнің күшіне енуі үшін тағы 44 мемлекеттің қол қоюы және ратификациялануы қажет. Олардың ішінде ҚХДР, Үндістан және Пәкістан мемлекеттері әзірге келісімге қол қойған жоқ. Бұл үштікке қосымша ретінде АҚШ, Қытай, Израиль, Иран және Египет елдері қол қойғанымен, аталған тараптар атынан құжат әлі ратификацияланбай отыр. Қазіргі геосаяси жағдай және елдер арасындағы экономикалық талаптардың күшеюі елдерге өз ұстанымдарын өзгертуге кедергі болып тұр.

Бүгінгі таңда петицияға бүкіл әлем бойынша 312 мыңнан астам адам қол қойды. «АТОМ» жобасы аясында Қазақстанның дипломатиялық өкілдері жыл сайын 29 тамызда ядролық қару сынақтарынан қаза болғандарды еске алу үшін «Үнсіздік минуттарын» өткізеді. Осылайша, өткен ғасырдағы ауқымды ядролық сынақтардың зарарын, қазіргі кездегі экологиялық зардаптарын бағамдап, еске алып отырады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында: «Ядролық қаруды таратпау режимін нығайту жөніндегі бастамаларымыз – әлемдік тұрақтылыққа, тәртіп пен қауіпсіздікке қосқан сөзсіз үлесіміз. Әлемде алғашқы болып Семей ядролық полигонын жауып және атом қаруынан бас тарта отырып, біз жетекші ядролық державалардан: АҚШ-тан, Ресейден, Ұлыбританиядан, Франциядан және Қытайдан қауіпсіздігімізге берік халықаралық кепілдік алдық. Біз Орталық Азияда ядролық қарусыз аймақ құруда негізгі рөл атқардық және жер шарының басқа да аймақтарында, әсіресе, Таяу Шығыста осындай аймақтар құруға белсенді қолдау көрсетеміз. Біз әлемдік қауымдастықтың ядролық терроризм қатеріне қарсы тұрудағы күш-жігеріне қолдау жасаймыз. Қазір біз ядролық қатерді таратпау жөнінде одан әрі табанды шешімдер қабылдау қажеттілігі туралы батыл айта аламыз. Ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу туралы шарттың тезірек күшіне енуі таратпау режимін нығайтудың маңызды қозғаушысы болуға тиіс. Аталған іс-әрекеттердің барлығы – жаһандық саясаттағы біздің рөлімізді тану. Осындай жауапты саясатының арқасында Қазақстан ядролық қаруды таратпау режимінің көшбасшысы, басқа мемлекеттер үшін үлгі болып танылды» деп айтқан болатын [3].

Шынымен, біз адам өмірінің мәні саяси өршілдікке қарағанда жоғары болатын әлемде өмір сүріп жатырмыз. Қазір жаһандану кезеңіне бет бұрып, әлемді жаңартуда, жаңалық ашуда көптеген ғылымдағы өзгерістер таңқалдыруда. Өткен ғасырдың 40-шы жылынан шыға бастаған ядролық қарудың түбінде адамзат қоғамына қауіп төндіріп, бүгінде сол арқылы әлемді өзіне тәуелді етуі соның айқын дәлелі. Әлем елдері ядролық қарудың қауіптілігін білгенмен, қолындағы алпауыт қарудан айрылғысы келмейді. Онымен күресу бүгінгі күннің өзекті дерті болып отыр. Егер халықаралық ұйымдар ядролық қарумен қаруланған елдердің қанат жаюына бөгет жасай алмайтын болса, нәтижесі үлкен қиыншылыққа әкелетіні айдан анық.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н. Глобальный мир и ядерная безопасность. Известия. 2 апреля 2010 г. // [http:// personal.akorda.kz/ru/category/stati/globalnyi-mir-i-yadernaya-bezopasnost](http://personal.akorda.kz/ru/category/stati/globalnyi-mir-i-yadernaya-bezopasnost).
2. Назарбаев Н. Президент Казахстана: Мы призываем сформировать географию устойчивого мира. – 1 апреля 2016. // https://lenta.inform.kz/kz/prezident-kazahstana-my-prizyvaemsformirovat-geografiyu-ustoychivogo-mira-foto_a2887645.
3. Қазақстан Республикасының Президенті-Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. // www.akorda.kz